

"Азаматтардың кейбір санаттарына төленетін әлеуметтік көмектің мөлшері туралы" 2009 жылғы 16 қазандағы № 15/209-IV шешімге өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2012 жылғы 14 қарашадағы N 6/93-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 23 қарашада N 2730 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2018 жылғы 10 қазандағы № 23/268-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 10.10.2018 № 23/268-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).
Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 182-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 34-1 бабының 1-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Азаматтардың кейбір санаттарына төленетін әлеуметтік көмектің мөлшері туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2009 жылғы 16 қазандағы № 15/209-IV шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 2515, 2009 жылғы 17 қарашадағы № 199-200, 2009 жылғы 19 қарашадағы № 201-202 "Дидар", 2009 жылғы 18 қарашадағы № 183 "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Азаматтардың мынадай санаттарына коммуналдық қызметтерге және отынға арналған шығыстарды 7200 (жеті мың екі жүз) теңге көлемінде өтеу белгіленсін:

денсаулық сақтау мемлекеттік секторы ұйымдарының ауылдық жерде және қала үлгісіндегі кенттерде жұмыс істейтін медицина және фармацевтика қызметкерлеріне;

ауылдық жерлерде жұмыс істейтін ветеринария мамандарына, оның ішінде ветеринариялық пункттердің мамандарына."

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

А. Гречухин

Шығыс Қазақстан облыстық

мәслихатының хатшысы

Г. Пинчук

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК